



*Сөйлесе
білу
де өнер.*

ТҮННІШТІК СӘТІ

(үнтаспадан баяу әуен естіліп тұрады)

Балалар, көзімізді жұмып, біраз демалып, жақсы істерді көз алдымызға елестетейік. Біз қазір керемет, әрі сиқырлы, мейірімділік пен сүйіспеншілікке, ізгілікке толы әдептілік әлеміне саяхат жасаймыз.


Бұл әлемнің ауасы тым таза, жұпар иісті. Бәріміз де сол әлемге қарай қадам басайық! Біздің жанымызда отбасымыз, жақындарымыз, достарымыз, олар сондай ерекше адамдар, олардың жанында біз өзімізді еркін сезінеміз. Сүйіспеншілік, мейірімділік, ізгілік нұры бізге қонып, жан-дүниемізді жақсы сезімге толтырады. Адамдар әрқашанда бір-біріне тек жақсылық жасап, қуаныш, ізгілік нұрын сыйлап, әдептілік танытып жатса, қандай жақсы болар еді!

Қайтатын уақытта келді. Осы әлеммен қоштаса отырып, мейірімділік нұрын, әдептілік әліппесін өзімізбен ала кетейік. Енді балалар көздеріңді аша қойыңдар.

Ал, балалар өзіміздің жан-дүниемізден қандай өзгерістерді сезіндік?

- Сол сиқырлы әлемнен біз қандай нұрды ала келдік?

Үй тапсырмасы



Сөйлеу ережесін құрастыр

Дәйексөз

«Сөзді бағалау, сөзге тоқтау, сөзден
мағына іздеу адамды мәдениеттендіре
түседі»

І.Омаров





wallcoo.com

Мәтінмен жұмыс

Үнді аңызы

« Не айтаыныңды ойлап ал» атты мәтінін о

Оқушыларға сұрақ:

Данышпан әйелге қандай тәлім берді?

Сендер әйелдің сұрағына қалай жауап берер едіңдер?

Неліктен біреу туралы ғайбат сөз айтуға болмайды?



Тыңдай білетін және өзіңді түсіне алатын адаммен сөйлесу адам жанына қуат береді, жағын әсер етеді. Адам есту, тыңдау арқылы шебер болып өседі. Сөйлеген кезде шындыққа сүйеніп, туралықты адам жанының тазалығын көрсетеді. Мәдениетті адам не айту керектігін алдын ала ойланып алады.

Шығармашылық жұмыс



I топ Көшеде достармен сөйлесу әдебі

II топ Дастархан басында үлкендермен сөйлесу әдебі

III-IV топ Көшедегі бейтаныс адамдармен сөйлесу әдебі

Бас бармақ арқылы бағалау

Бас бармақ



Өте жақсы




Жақсы



Орташа

Бейнебаян көрсету



ñ?ç ??ä³đåò³.mp4



Топпен ән айт

Бір ауыз сөз

Бір ауыз сөз қасіретті тыяды,

Бір ауыз сөз айықпас дерт жияды.

Бір ауыз сөз әлемге әйгі еткізсе,

Бір ауыз сөз жаманатқа қияды.

Бір ауыз сөз мұхиттарды жалғайды,

Бір ауыз сөз ұран болып самғайды.

Бір ауыз сөз ұшса бақыт құсы боп,

Бір ауыз сөз арсыз жандай аспайды.




Үйге тапсырма:

Мақал - мәтелдер
тақырыбы
«Сөз туралы»

Бағдаршам арқылы бағалау

Бағдаршам



– мен тығырыққа тірелдім, ештеңе түсінбей қалдым

– мен түсінемін, бірақ барлығын емес

– мен жақсы түсіндім және басқаға да түсіндіре аламын